

Маңғыстау облысы білім басқармасының “Білім берудің
оқу-әдістемелік орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*Жаңа тәсілдерді қолдану арқылы психикалық дамуы тежелген балалардың
сөйлеу тілін дамыту
(ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)*



Ақтау – 2026 ж



Бекітемін:
Мамандық бойынша білім
бағдарламасының БҒЖ-нің
Әдістемелік орталығы
директоры К.Мирова

Рецензент: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Педагогика факультетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры Калиева Гүлжан Абузарова.
Рецензент: Ш.Есенов КТИУ «Жалпы педагогика кафедрасы PhD, п.ғ.к. Абдуллаева П.Т

Құрастырушы:

Тәңірберген Нұргүль Батырбекқызы
«№4 арнайы балабақшасы» мұғалім-логопед, педагог-модератор.

Аннотация:

Бұл әдістемелік құрал психикалық дамуы тежелген мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған. Құралда логопедиялық жұмыстың теориялық негіздері, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету әдістері, артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары, сондай-ақ сөздік қорды дамытуға бағытталған дәстүрлі және инновациялық тәсілдер жүйеленген. Практикалық бөлімде дыбыстарды қою, бекіту және автоматтандыруға арналған сабақ үлгілері мен ойын тапсырмалары ұсынылған. Әдістемелік құрал логопедтерге, педагогтерге, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған, балалардың сөйлеу кемшіліктерін түзетуге және тілдік дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

«Ұсынылды»

Сараптау комиссиясының кеңесі

Хаттама №

« 28 » 03 2026 ж.

Хатшы М.Байдулла.

Түсіндірме жазба

Өзектілігі

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың сөйлеу тілі дамуына қойылатын талаптар жоғарылап келеді. Баланың толыққанды сөйлеу тілін меңгеруі оның танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылыстары жиі кездеседі. Олардың ішінде дыбысты дұрыс айта алмау (фонетикалық-фонематикалық жеткіліксіздік) мәселесі ерекше орын алады.

Дыбыстық бұзылыстар баланың басқа да психикалық процестерінің (есту, есте сақтау, ойлау) дамуына кері әсер етеді. Уақытылы және жүйелі логопедиялық жұмыс жүргізілмесе, бұл қиындықтар баланың мектептегі оқу үлгеріміне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне келергі келтіреді. Осыған орай, дыбысты дұрыс айтуға үйрету әдістемесін жүйелі ұйымдастыру – логопед мамандарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл әдістемелік құралда дыбысты қою, түзету және автоматтандыруға арналған тиімді әдіс-тәсілдер жүйеленіп ұсынылады. Сонымен қатар, құралда логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың заманауи әдістері, артикуляциялық және тыныс алу гимнастикасы, ойындар мен жаттығулар жинақталған.

Мақсаты

-Балаларда дыбысты дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруға бағытталған логопедиялық түзету жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді әдістемесін ұсыну.

Міндеттері

-Дыбыстық бұзылыстардың алдын алу және түзету жолдарын көрсету;
Артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған жаттығулар кешенін ұсыну;
Дыбысты дұрыс қою, бекіту және автоматтандыру әдістемесін көрсету;
Фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүйесін жасау;
Балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған дидактикалық және қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру;
Логопед маманының түзету жұмысының күнтізбелік-тақырыптық жоспарының үлгілерін беру.

Күтілетін нәтиже

-Бұл әдістемелік құралды қолдану нәтижесінде:
Балалардың артикуляциялық аппараттарының қимыл дағдылары жетіледі;
Балалар дыбыстарды дұрыс айтып, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
Балалардың фонематикалық есту қабілеті және дыбыстық талдау дағдылары артады;
Балалардың байланыстырып сөйлеу, әңгімелеу дағдылары қалыптасады;
Логопед мамандарының түзету-дамыту жұмыстарының сапасы артады;

Балалардың сөйлеу кемістіктерін жою арқылы мектепте табысты білім алуына жағдай жасалады.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал логопед мамандарының іс-тәжірибесінде кеңінен қолдануға арналған. Құралдың мазмұны мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жүйелі әдістер мен практикалық жаттығуларды қамтиды. Логопедиялық жұмысты тиімді жүргізу балалардың жалпы дамуына оң әсерін тигізеді, сөйтіп баланың әлеуметтенуіне және мектепке дайындығына сапалы жағдай жасайды.

Әдістемелік құралдың қолдану аясы келесі салаларды қамтиды:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері:

Балабақшалар, мектепке дейінгі ұйымдар мен оқу орталықтарында сөйлеу бұзылыстары бар және сөйлеу тілін дамытуда қиындықтар туындаған балалармен жұмыс жасау үшін қолданылады.

2. Логопедиялық көмек көрсету қызметтері:

Логопедтер мен сөйлеу тілі бойынша мамандардың жұмысына бағытталған. Құрал сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған түрлі жаттығулар мен әдістерді қамтиды. Логопедиялық түзету мен профилактикалық жұмыстың нәтижелілігін арттыру мақсатында қолданылады.

3. Ата-аналар мен отбасы тәрбиесі:

Ата-аналарға балаларының сөйлеу тілімен жұмыс істегенде қолдануға арналған кеңестер мен ұсыныстар береді. Балалармен үйде жұмыс істеу үшін қажетті жаттығулар мен әдіс-тәсілдерді ұсынады, сөйлеу тілін дамытуға ата-аналардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

4. Педагогикалық мамандардың біліктілігін арттыру:

Педагогтар мен тәрбиешілердің сөйлеу тілін дамыту және түзету жұмыстары бойынша біліктілігін арттыруға арналған құрал болып табылады. Әдістемелік құралды оқу және пайдалану арқылы педагогтар өз жұмыстарының сапасын арттырып, балалармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгереді.

Кіріспе

Сөйлеу тілі – адамның негізгі қарым-қатынас құралы, оның ақыл-ойының, мәдениеті мен дүниетанымының көрсеткіші. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуы олардың оқу мен қарым-қатынас қабілеттерінің негізін құрайды. Сөйлеу тілі дұрыс қалыптаспаған балалардың оқу барысында қиындықтарға тап болуы, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделу мен өзін-өзі дамытуда айтарлықтай кедергілерге кездесуі мүмкін. Сондықтан баланың сөйлеу тілін ерте кезеңде дамыту өте маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту, түзету және оны ерте кезеңде қалыптастыру мәселесі педагогика мен логопедия саласындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Балалардың дұрыс сөйлеу қабілетін дамыту олардың жеке тұлғалық дамуына, әлеуметтік өмірде үйлесімді түрде қатысуына және оқу жетістіктеріне үлкен әсер етеді.

Бұл әдістемелік құрал мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған арнайы логопедиялық жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. Құралдың мақсаты – балалардың тілін дамытудың әртүрлі кезеңдерінде кездесетін тілдік кемшіліктерді түзету, сөйлеу дағдыларын жетілдіру және сөздік қорды байыту. Әдістемеді баланың сөйлеу тілін дамыту үшін қолданылатын тиімді тәсілдер мен жаттығулар жинақталған, олар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін тәрбиешілер мен логопедтер үшін өте пайдалы.

Бұл құралдың құрылымы әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен жүргізілетін жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. Әдістемелік материалдар баланың сөйлеу тілін қалыптастыруда қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп өтуге мүмкіндік береді. Әрбір жаттығу баланың тілдік дамуын тексеріп, оның сөздік қорын кеңейтуге, дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлем құрастыру дағдыларын дамытуға бағытталған. Әдістемелік құралдың авторлары осы құралды әзірлеу барысында балалардың сөйлеу тілін дамыту саласындағы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстарды негізге ала отырып, логопедиялық көмекті дұрыс ұйымдастыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ұсыныстарды ұсынды. Әрбір ұсыныс нақты деректермен, зерттеулермен және педагогикалық тәжірибемен дәйектелген.

Бұл құрал педагогтарға, логопедтерге, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мамандарға және ата-аналарға арналған. Әдістемелік құралдың көмегімен әрбір қолданушы балалардың сөйлеу тілін дамытуда тиімді нәтижелерге қол жеткізе алады.

І НЕПІЗГІ БӨЛІМ

1. Логопедиялық жұмыстың әдістемелік негіздері

Логопедиялық жұмыс — бұл сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалар мен ересектерге арнайы түзету жұмыстарын жүргізу процесі. Логопедтердің басты мақсаты — сөйлеу тілі дамуында ауытқуларды ерте анықтап, балаларға немесе ересектерге тілдің дұрыс құрылымы мен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Логопедиялық жұмыс әдістемесінің негізі — арнайы түзету әдістері мен техникаларды қолдану, сонымен қатар, әртүрлі бұзылыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке-жеке тәсілдер арқылы тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

Логопедиялық жұмыстың әдістемелік негіздері балалардың жеке ерекшеліктеріне, жасына, сөйлеу тілінің даму деңгейіне және анықталған бұзылыстың түріне сәйкес түрлі түзету жаттығуларын қамтиды. Әдістемелік жұмыстардың маңызды мақсаты — баланың сөйлеу тілін толық әрі дұрыс дамыту, оның қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау қабілетін арттыру.

Логопедиялық жұмыстың әдістемесі балалардың психологиялық және физиологиялық дамуын ескере отырып құрылуы тиіс. Ол балаларға қиындық туғызатын дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуға үйретуге бағытталған. Әр түрлі логопедиялық жаттығулар мен әдіс-тәсілдер баланың сөйлеу қабілетін жетілдіріп, оған өзінің ойын нақты, дұрыс және сенімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Логопедиялық жұмыс әдістемесі — бұл кешенді, жүйелі жұмыс болып табылады, онда балалға психологиялық, физиологиялық, педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Логопедиялық жұмыстың басты мақсаты — сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу, ерте анықтау, олардың дамуын түзету және ар баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу тілінің барлық аспектілерін (дыбыстарды дұрыс айту, грамматикалық құрылымдар, сөздік қор) дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін баланың сөйлеуін тексеру, оның проблемаларын анықтау және сәйкес түзету шараларын ұйымдастыру қажет.

Логопедиялық жұмыс әдістемесі түзету және дамыту жұмыстарын үйлестіреді. Түзету әдістері сөйлеу бұзылыстарын жоюға бағытталған, ал дамыту әдістері баланың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын дамытуға, ойлау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Дыбыстарды түзету: сөйлеу мүшелерінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін арнайы жаттығулар мен ойындар қолданылады. Бұл әдіс дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге бағытталған.

Сөздік қорды дамыту: бұл әдіс баланың жаңа сөздерді меңгеруіне, сөйлеу тілін байытуға және сөйлемдерді дұрыс құрастыруға көмектеседі.

Грамматикалық құрылымды дамыту: грамматикалық ерекшелерді меңгерту, сөйлемдерді дұрыс құрылымдауға бағытталған жаттығулар пайдаланылады.

Логопедиялық жұмыстың әдістемесінде жеке және топтық жұмыс жүргізудің маңызды ролі бар. Жеке жұмыс баланың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бағытталған, оның ауытқуларын түзетуге арналған. Топтық жұмыстар балалардың әлеуметтік дамуында және сөйлеу тілін дұрыс қолдану дағдыларын дамытуға пайдалы.

Логопедиялық жұмыста ойындарды қолдану маңызды әдіс болып табылады. Балалар ойын арқылы әртүрлі дыбыстарды айтуға, сөздерді дұрыс қолдануға үйренеді, және бұл әдіс олардың мотивациясын арттырады. Ойындар арқылы балалардың тілін дамытумен қатар, оларды әлеуметтік дағдыларға да баулу мүмкіндігі туады. Логопедиялық жұмыстар тек тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сондай-ақ баланың психологиялық дамуына да ықпал етеді. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларда жиі эмоционалды немесе психологиялық қиындықтар туындайды, сондықтан логопед жұмыс барысында баланың психологиялық жағдайын ескере отырып, оған сенімділік пен қолдау көрсетуі қажет.

Логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ ол барлық жағдайда төмендегі негізгі принциптерге негізделеді:

- **Жүйелілік:** логопедиялық жұмыс кезең-кезеңмен жүзеге асырылады, арқашан жоюларды түрде жүзеге асырылады.

- **Жеке тұлғана бағытталған тәсіл:** баланың жеке ерекшеліктері мен тілдік дамуы ескеріле отырып жұмыс жүргізіледі.

- **Тұрақтылық:** логопедиялық жұмыс үздіксіз жүргізілуі тиіс, балалардың сөйлеу қабілетін дамыту үшін тұрақты жаттығулар мен тапсырмалар беріледі.

- **Сабақтың әртүрлілігі:** әдістемелік тәсілдер, жаттығулар мен тапсырмалар арқашан өзгеріп отыруы тиіс, балалардың қызығушылығын сақтап, оларды жаңа білім мен дағдыларға баулиды.

Логопедиялық жұмыстың әдістемелік негіздері сөйлеу тілі бұзылыстарының ерте анықталуы және оларды түзету үшін арнайы түзету әдістерін қолдануды қарастырады. Жеке және топтық жұмыс, ойын арқылы оқыту, психологиялық қолдау мен әртүрлі әдістемелік құралдар арқылы логопед балалардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Логопедиялық жұмыстың тиімділігі баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес әдістер мен тәсілдерді қолдануға байланысты болады. Логопедиялық жұмыста қолданылатын нақты жұмыстар мен әдіс-тәсілдер әртүрлі сөйлеу бұзылыстарының түрлеріне және баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Логопедиялық жұмыстың нақты бағыттары мен жаттығулары төмендегі келтірілген:

1. Дыбыстарды түзету жұмыстары

Дыбыстарды дұрыс айту және олардың артикуляциясын дамыту үшін келесі жұмыстар жүргізіледі:

- **Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар:** артикуляциялық жаттығулар арқылы баланың тіл, ерін, жақ және басқа сөйлеу мүшелерінің қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Мысалы, «к», «с», «р» дыбыстарын дұрыс айту үшін арнайы жаттығулар мен үлгілер.

- **Айтыуды қиын дыбыстарды анықтау:** баланың қандай дыбыстарды дұрыс айта алмайтынын анықтап, сол дыбыстарды жаттықтыру.

- **Сөйлеу мүшелерінің дамуына арналған жаттығулар:** тілдің, еріндердің, жақтың қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар (мысалы, «тілді тістен жоғары көтеру», «еріндермен қысу», «сөйлеу мүшелерінің қозғалысы»).

2. Сөздік қорды дамыту жұмыстары

Сөздік қорды дамыту, баланың тілін байыту мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі:

- **Сөздермен жұмыс:** сөздерді талдау, сөздерді топтастыру (мысалы, жануарларды, көкөністерді, жемістерді атап өту).

- **Сөздіктер мен карталар пайдалану:** әр түрлі тақырыптар бойынша (мысалы, үй жануарлары, табиғат, қоршаған орта) сөздік карталар, суреттер мен стикерлер арқылы баланың сөздік қорын дамыту.

- **Фразаларды дамыту:** баланы екі сөзден бастап, біртіндеп көп сөзден тұратын сөйлемдер құрастыруға үйрету. Мысалы: «Мен мектепке барамын», «Күн ашық».

3. Грамматикалық құрылымдарды дамыту жұмыстары

Баланың сөйлемдер мен сөз тіркестерін дұрыс құрастыруы үшін:

- **Сөйлем құрастыру жаттығулары:** қарапайым сөйлемдерден бастап, күрделі сөйлемдерге дейінгі жаттығулар. Мысалы, «Мен қазір кітап оқып отырмын» немесе «Менің досым мектепке барады».

- **Түсінікті сөйлемдер:** оқылған мәтіннің немесе тапсырманың негізінде сұрақтар қою. Мысалы: «Кім барады?» «Не істейді?» «Қайда барады?» деген сұрақтар арқылы сөйлемдер құрастыру.

- **Грамматикалық ережелерді түсіндіру:** көптік, септік, жіктік, уақытты білдіретін грамматикалық ережелерді жаттықтыру.

4. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту жұмыстары

Баланың тілін дамыту үшін ойлау мен есте сақтау қабілеттерін арттыру қажет. Мұнда келесі жұмыстар маңызды:

- **Мазмұндау жаттығулары:** қарапайым мәтіндерден бастап, балалардан оларды өз сөзімен айтуын сұрау.

- **Қабылдау және есте сақтау жаттығулары:** суреттер, кітаптар, бейнемазмұн арқылы баланың қабылдауын дамыту. Мысалы, бір сурет немесе бейнемазмұн көрсетіліп, оның негізінде сұрақтар қойылады (қалай? не істеп тұр? қандай түсте?).

- **Есептер мен логикалық тапсырмалар:** баланы логикалық тапсырмаларды шешуге үйрету, мысалы, «қайсысы үлкен?», «қайсысы кішкентай?» деген сұрақтар.

5. Сөйлеу мәнерін түзету жұмыстары

Баланың сөйлеу мәнерін түзету үшін арнайы жаттығулар жүргізіледі:

- **Дыбыстардың анық айтылуын қалыптастыру:** қиын дыбыстарды дұрыс айту үшін арнайы дыбыстық тренажерлер мен жаттығулар қолдану.

- **Сөйлеу жылдамдығын реттеу:** бала тым тез немесе баяу сөйлеуден зарлап шексе, сөйлеу жылдамдығын реттеу жаттығулары жүргізіледі. Мысалы, уақытты белгілеу арқылы бала белгілі бір мәтінді дұрыс сөйлеуге үйретіледі.

- **Дыбыстардың логопедиялық түзетуі:** дыбыстардың жоғалуы, бұрмалануы жағдайында арнайы жаттығулар мен техникаларды қолдану.

6. Тілдің құрылымдық элементтерімен жұмыс

Тілдің дыбыстық құрылымын зерттеу мен дамыту мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

- **Сөйлеу дыбыстарын ажырату:** балаларға тыңдалым тапсырмалары беріледі, олар дыбыстарды ажыратып, дұрыс айтуға үйретіледі.

- **Фонематикалық есту қабілетін дамыту:** баланы әртүрлі дыбыстарды ажыратып, оларды дұрыс айтуға және есту арқылы тануға үйрету.

7. Сөйлеу мүшелерінің моторикасын дамыту

Баланың сөйлеу мүшелерінің дұрыс жұмыс жасауы үшін арнайы жаттығулар мен әдістер қолданылады:

- **Артикуляциялық жаттығулар:** тілді, ерінді, жақты дұрыс пайдалану үшін арнайы қозғалыстар мен жаттығулар.

- **Моторлы дағдыларды дамыту:** әртүрлі қозғалыстар арқылы баланың ауыз мүшелерінің дұрыс қызметін дамыту.

8. Кешенді логопедиялық жаттығулар

Кешенді жұмыс барысында бірнеше бағыттарды қамтитын жаттығулар жүргізіледі:

- **Тілді дамытуға арналған кешенді тапсырмалар:** бұл жаттығулар тілдік компоненттердің барлығын қамтиды: дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеу мәнерін түзету, сөздік қорды байыту және грамматикалық құрылымдарды дамыту.

- **Сөйлеу және ойлау дағдыларын бірге дамыту:** ойындар мен тапсырмалар арқылы баланың сөйлеу мен ойлау қабілеттерін қатар дамыту.

Логопедиялық жұмыстың нақты бағыттары мен әдіс-тәсілдері әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған, және олар бала мен ересек адамның жеке ерекшеліктеріне, бұзылыстың сипатына және деңгейіне қарай өзгеріп отырады. Түзету жұмыстарының кешенді түрде жүргізілуі баланың сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруға және даму деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Логопедиялық жұмыстың әдістемелік негіздері — бұл сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалар мен ересектерге арналған түзету жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуге бағытталған кешенді тәсілдерді қамтиды. Әдістемелік жұмыстардың тиімділігі бала мен ересектің тілдік дамуындағы ауытқуларды ерте анықтап, оларды түзету мақсатында түрлі арнайы жаттығулар мен әдістерді қолдануға негізделген.

Логопедиялық жұмыс барысында әртүрлі түзету әдістері мен тәсілдері пайдаланылады: дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздік қорды байытуға, грамматикалық құрылымдарды дамытуға және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар. Логопед педагогикалық және психологиялық аспектілерді ескере

отырып, баланың жеке ерекшеліктеріне негізделген кешенді түзету жұмысын ұйымдастырады. Бұл баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сөйлеу тілінің қалыптасуына маңызды ықпал етеді.

2. Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар

Сөйлеу тілі – адамның өз ойы мен сезімін басқа адамдарға жеткізу үшін қолданатын негізгі құралы болып табылады. Оның дұрыс қалыптасуы мен дамуы адамның жеке тұлғалық дамуына, әлеуметтік қарым-қатынасқа, сондай-ақ оқу және кәсіби өміріне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізу маңызды болып табылады.

Логопедиялық жаттығулар – бұл сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге арналған арнайы әдіс-тәсілдер жиынтығы. Олар баланың тілдік қабілеттерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және коммуникативтік қабілеттерін арттыру үшін қолданылады. Логопедиялық жаттығулар дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорды кеңейту, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану, сөйлеу мәнерін қалыптастыру сияқты көптеген мақсаттарды көздейді.

Артикуляциялық дағдыларды дамыту — сөйлеу тілін түзету бағдарламасының маңызды бөлігі. Артикуляция — дыбыстарды дұрыс және нақты айту үшін қажетті тілдік мүшелердің қозғалысы мен координациясы. Артикуляциялық дағдыларды дамыту балалардың сөйлеу тілінің сапасын жақсартуға, дыбыстарды нақты айтуға көмектеседі.

Мақсаты: Артикуляциялық бұлшықеттердің қозғалысын дамыту, сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, жақ) қозғалыс дәлдігін, икемділігін, күшін және үйлесімділігін арттыру арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға дайындық жасау.

Міндеттері:

- Артикуляциялық бұлшықеттерді шынықтыру;
- Тіл мен еріннің қимыл икемділігін арттыру;
- Дұрыс тыныс алу және фонацияны қалыптастыру.

Артикуляциялық гимнастика

Артикуляциялық гимнастика – дыбыстарды дұрыс айтуға қажетті сөйлеу мүшелерінің қимылдарын дамытатын жаттығулар кешені.

Жалпы ережелер:

- Жаттығуларды айна алдында орындау;
- Әр жаттығуды 5-10 рет қайталау;
- Жаттығулар баяу, нақты, асықпай жасалады;
- Жаттығуларды орындау кезінде баланы мақтап, көтермелеу қажет.



3. Тыныс алу және дауыс жаттығулары

Мақсаты:

- Дұрыс тыныс алуын қалыптастыру;
- Тыныс алу мен сөйлеу процесін үйлестіру;
- Дауыс аппаратының жұмысын жетілдіру;
- Фонацияның тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Дауысты созып айтуға дағдыландыру;
- Сөйлеу кезінде тынысты үнемді қолдануға үйрету.

Жалпы ережелер:

- Тыныс алу жаттығулары тыныш, жақсы желдетілген бөлмеде жүргізілуі тиіс.
- Жаттығуларды дұрыс орындау үшін баланың арқасы тік, денесі бос болуы қажет.
- Дем алу мұрын арқылы, дем шығару ауыз арқылы жүргізіледі.
- Демді баяу, терең алу және ұзақ шығару маңызды.
- Тыныс алу жаттығуларын ойын түрінде ұйымдастыру тиімді.
- Сабақтың ұзақтығы 5-10 минуттан аспауы қажет.

Жаттығуларды орындау бойынша ережелер

1. Бала жаттығуды дұрыс орындауы үшін логопед айна қолданады.
 2. Жаттығу кезінде баланың мойны, иық бұлшықеттері босаңсыған болуы қажет.
 3. Әр жаттығу кезінде балаға жағымды көңіл күй сыйлап, мадақтау маңызды.
 4. Баланың шаршағанын байқасаңыз, жаттығуды тоқтатып, сергіту сәтін жасаңыз.
- Ерін және тілге арналған арнайы жаттығулар сөйлеу тілі мүшелерін қалыптастырып, дыбыстардың анық айтылуына дайындық болып табылады. Мұндай жаттығуларды күн сайын орындау баланың сөйлеу дағдыларын арттырып, логопедиялық түзету жұмыстарының нәтижесін жылдамдатады.

Дауыс және тыныс алу жаттығулары кешені

| № | Жаттығу атауы | Мақсаты | Сипаттамасы | Қайталау саны |
|---|-------------------|---|--|---------------|
| 1 | Искейміз үрлейміз | Дұрыс тыныс алу (дем алу және дем шығару) дағдыларын қалыптастыру | Мұрын арқылы терең дем алып, ауыз арқылы баяу әрі ұзақ дем шығару. | 5-6 рет |

| № | Жаттығу атауы | Мақсаты | Сипаттамасы | Қайталау саны |
|---|---------------|--|--|---------------|
| 2 | Жел соғады | Дем шығару кезінде бұлшықеттерді босаңсыту | Ерінді түтікше етіп, жеңіл "шпшпш..." дыбысын шығарып, ауа үрлеу. | 5-8 рет |
| 3 | Шар үрлеу | Демді ұзақ шығаруға дағдыландыру | Қағаздан немесе пластиктен жасалған жеңіл шарды үрлеу арқылы қозғалту. | 6-8 рет |
| 4 | Жел диірмені | Демді реттеу және күшейту | Ерінді түтікше жасап, демді баяу шығарып, қағаз диірменді айналдыру. | 8-10 рет |
| 5 | Жапырақ ұшыру | Тыныс күшін реттеу | Қағаздан жасалған жапырақты алақанға қойып, үрлеу арқылы ұшыру. | 6-8 рет |

| № | Жаттығу атауы | Мақсаты | Сипаттамасы | Қайталау саны |
|---|-----------------|---------------------------------|---|------------------|
| 6 | Түтін шығару | Демді ұзақ және үздіксіз шығару | Мұрын арқылы терең дем алып, ауыздан ұзақ үздіксіз "ууу..." дыбысын шығару. | 5 рет |
| 7 | Ат шаптырту | Дем алу және дыбысты үйлестіру | Ауызды ашып, тілмен "цок-цок" дыбысын шығару арқылы демді басқару. | 10 рет |
| 8 | Кемпіркосақ әні | Дауысты дыбыстарды ұзақ айту | Ауызды кең ашып, "ааа", "ооо", "ууу" дыбыстарын кезекпен ұзақ әрі созып айту. | Әр дыбысқа 5 рет |

| № | Жаттығу атауы | Мақсаты | Сипаттамасы | Қайталау саны |
|----|---------------|--|--|---------------|
| 9 | Аю ұйықтайды | Демді баяу шығару, бұлшықеттерді босансыту | Мұрыннан дем алып, ауыздан "хр-р-р" (корыл) дыбысын шығарып, демді реттеу. | 5 рет |
| 10 | Поезд жүреді | Дем шығару кезінде дауыс пен тынысты үйлестіру | Мұрыннан дем алып, ауыздан "чух-чух", "ту-ту" дыбыстарын айту. | 5-7 рет |

Тыныс алу жаттығуларының үлгілік жоспары

| Сабак бөлімі | Жаттығу атауы | Әдістемелік нұсқаулар |
|---------------|-------------------------|--|
| Дайындық | Иіскейміз - үрлейміз | Мұрын арқылы дем алып, ауыздан баяу дем шығару. |
| Негізгі бөлім | Шар үрлеу, Жел диірмені | Шарды немесе диірменді үрлеп, тынысты реттеу. |
| | Түтін шығару | "Ууу..." дыбысын созып айту арқылы тыныс ұзақтығын дамыту. |
| Қорытынды | Кемпіркосақ әні | Дауысты дыбыстарды кезекпен айту. |

Жаттығуларды ойын түрінде ұйымдастыру



Ескерту: Артикуляциялық жаттығуларды күн сайын, кем дегенде 10-15 минут көлемінде жүйелі түрде өткізу қажет. Бала жаттығуларды дұрыс орындаған сайын оны мадақтау арқылы ынталандыру ұсынылады. Артикуляциялық аппаратты дамыту – дыбыстарды дұрыс айтуға дайындықтың ең маңызды кезеңі. Тіл, ерін және жақ бұлшықеттерінің қозғалғыштығын жетілдіру сөйлеу кезінде дыбыстардың нақты, анық айтылуына мүмкіндік береді. Жаттығуларды жүйелі және қызықты форматта ұсыну арқылы логопедиялық жұмыстың нәтижесін арттыруға болады.

4. Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуына айрықша мән берілуде. Осындай топқа жататын оқушылардың бірі – психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар. Бұл санаттағы оқушылардың оқу-тәрбие процесінде өзіне тән психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері бар, оларды жан-жақты зерттеп, қолдау көрсету – білім беру мекемелері мен педагогтердің маңызды міндеттерінің бірі.

Психикалық дамуы тежелу – баланың танымдық, сөйлеу, эмоциялық-ерік және әлеуметтік дамуының жас ерекшеліктеріне сәйкес уақытша артта қалуы. Бұл тежелу көбінесе орталық жүйке жүйесінің функционалдық бұзылыстарына немесе қолайсыз әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға байланысты болады. Мұндай оқушылардың зейіні тұрақсыз, есте сақтау қабілеті төмен, логикалық ойлауы баяу

дамиды. Олар оқу материалын меңгеруде, қарым-қатынас жасауда және мінез-құлықты реттеуде белгілі бір қиындықтарға ұшырайды. Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қабілеттері мен тұрғалық ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы педагогикалық тәсілдерді қолдану қажет. Бұл балалардың дамуында оң өзгерістерге қол жеткізу үшін білім беру мазмұнын, оқыту әдістерін және тәрбие процесін арнайы бейімдеу талап етіледі.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың – бұл дамуында органикалық немесе функционалдық себептерге байланысты интеллектуалдық, сөйлеу, эмоционалдық және мінез-құлықтық ерекшеліктері бар балалар. Кіші мектеп жасындағы ПДТ оқушыларда білімді қабылдау мен өңдеу үдерісі баяу жүреді. Олар жаңа ақпаратты түсіну, есте сақтау және қолдануда қиындықтарға тап болады. Мұндай балалардың танымдық процестері (зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау) мен оқу мотивациясы жеткіліксіз дамыған. Сөйлеу тілінің барлық компоненттерінде — фонетикалық, лексикалық, грамматикалық — кемшіліктер байқалады. Осы ерекшеліктер оқу әрекетін, соның ішінде мағыналық оқу дағдысын қалыптастыруды едәуір күрделендіреді.

ПДТ балалардың танымдық әрекеттері баяу, зейіні тұрақсыз және шашыранқы болады. Олар бір тапсырмадан екіншісіне оңай ауыса алмайды, ұзақ уақыт назар аудару қиынға соғады. Есте сақтау қабілеттері де әлсіз, әсіресе ерікті есте сақтау мен логикалық есте сақтау жағынан артта қалады. Көбіне олар тек көрнекі бейнелерге сүйеніп есте сақтайды, ал сөздік-нұсқаулық түріндегі ақпаратты меңгеруде қиындық көреді.

Танымдық даму ерекшеліктері

ПДТ балалардың танымдық үдерістері (зейін, ойлау, ес, қабылдау, қиял) жеткілікті дамымаған. Олардың зейіні тұрақсыз және шашыранқы, бір іс-әрекетке ұзақ уақыт шоғырлана алмайды. Қабылдауы баяу, заттың негізгі белгілерін ажыратуда қиналады. Есте сақтау қабілеті әлсіз дамыған, көбінесе механикалық есте сақтау басым болады, ал мағыналық есте сақтау мен ерікті еске түсіруде қиындықтар кездеседі.

Ойлау әрекеті нақты-көрнекі деңгейде жүзеге асады. Жалпылау, салыстыру, себеп-салдар байланыстарын орнату сияқты логикалық ойлау операциялары әлсіз. Оқу материалын меңгеру баяу жүреді және көп қайталауды қажет етеді.

Сөйлеу тілінің ерекшеліктері

Психикалық дамуы тежелген оқушыларда сөйлеу тілі де жиі дамымаған. Олар дыбыстарды бұрмалап айтады, сөздік қоры шектеулі, сөйлем құрау қабілеті төмен. Өз ойын толық жеткізе алмайды, сөйлеу барысында грамматикалық қателер жібереді. Бұл сөйлеу ерекшеліктері олардың оқуында да, құрдастарымен және мұғаліммен қарым-қатынасында да қиындық тудырады.

Эмоциялық-ерік саласы

ПДТ балалардың эмоциялық-ерік саласында да ауытқулар байқалады. Олар жиі көңіл-күйі тұрақсыз, тез шаршайды, кейбірі өте қозғыш, ал енді бірі снжар әрі баяу әрекет етеді. Өз эмоцияларын бақылауда, ішкі мотивация қалыптастыруда қиындық көреді. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығы мен табандылығына кері әсерін тигізеді.

Әлеуметтік қарым-қатынас Психикалық дамуы тежелген балалар үшін қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар тән. Олар өз құрдастарымен байланыс орнатуда және ұжымдық іс-әрекетке қатысуда қиналады. Кейде тұйық, өзіне сенімсіз болады немесе керісінше, әлеуметтік ортаға дұрыс бейімделмеген әрекеттер көрсетуі мүмкін. Мұндай балаларға жағымды әлеуметтік орта мен қолдаудың маңызы зор.

Педагогикалық ерекшеліктері
ПДТ оқушыларға білім беру үдерісі арнайы ұйымдастыруды қажет етеді. Оқыту барысында көрнекі құралдарды жиі қолдану, біртіндеп әрі қайталап түсіндіру, қысқа әрі нақты тапсырмалар беру, жеке және сараланған оқыту әдістерін қолдану ұсынылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас пен қолдау олардың әлеуетін ашуға көмектеседі.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл оқушыларға ерекше оқыту және тәрбиелеу жағдайлары қажет. Оқу материалы көрнекілікке сүйене отырып, біртіндеп және қайталау арқылы берілуі тиіс. Жеке және топтық жұмыс түрлерін кезектестіріп, қолайлы қарқынмен жүргізу ұсынылады. Педагогтің мейірімді, түсіністік танытатын қарым-қатынасы баланың сенімділігін арттырып, оқуға деген ынтасын көтереді.

Жалпы алғанда, психикалық дамуы тежелген балалар — бұл ерекше педагогикалық тәсілдерді қажет ететін балалар тобы. Олардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған оқыту мен тәрбиелеу жүйесі ғана толыққанды дамуға, білім алуға және қоғамға бейімделуге жол ашады. Мұғалімдердің, ата-аналардың және мамандардың бірлесе жұмыс істеуі — бұл балалардың әлеуметтенуінің және жеке қабілеттерін дамытуының басты шарты.

5. Сөздік қорды дамытуда дәстүрлі және жана тәсілдерді қолдану

Сөздік қор — адамның тілдік қабілетінің басты негізі. Ол ойымызды нақты жеткізуге, өзімізді дұрыс білдіруге, мәтіндерді түсінуге көмектеседі. Сөздік қоры бай адам сөйлегенде сенімді, еркін әрі түсінікті болады. Сондықтан оны дамыту әр жасқа маңызды міндет болып табылады.

Дәстүрлі тәсілдер

Дәстүрлі әдістер — мектепте және үйде жиі қолданылатын классикалық әдістер. Мысалы, әдеби шығармаларды оқу, жана сөздерді жазып алу, диктант немесе эссе жазу. Сондай-ақ сұрақ-жауап әдісі де тиімді: оқылған мәтінді талқылау арқылы жана сөздерді есте сақтау жеңілдейді. Дәстүрлі тәсілдер жүйелілік пен грамматикалық негізділікті береді, бірақ кейде оқушылар үшін қызықсыз болуы мүмкін.

Жанашыл әдіс-тәсілдер:

ПДТ балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелік жұмыстарға төмендегідей әдістерді қолдануға болады:

1. Ойын технологиясы

- Рөлдік және сюжеттік ойындар арқылы бала «достық», «адалдық», «қамқорлық» ұғымдарын тәжірибе жүзінде меңгереді.



2. Интерактивті әдістер

- «Дөңгелек үстел», «Миға шабуыл», «Жағдаяттық тапсырмалар» балалардың ой-пікірін ашуға, бір-бірін тыңдауға баулиды.



3. Арт-терапия (шығармашылықпен тәрбиелеу)

- Сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыка тыңдау арқылы балалар эмоциясын білдіріп, мейірімділік пен әсемдікке тәрбиеленеді.



4. Әлеуметтік театр және драма элементтері

- Кішкентай сахналық қойылымдар арқылы балалар өзара сыйластық пен ынтымақтастықты үйренеді.



5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

- Мультимедиялық бейнематериалдар, анимациялар мен интерактивті ойындар құндылықтарды көрнекі түрде түсінуге көмектеседі.



Бұл интеллектуалды ойын тапсырмалары жинағы мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуына бағытталған. Ойын түрінде берілген тапсырмалар арқылы балалардың ойлау қабілеті, тіл байлығы, есте сақтау мүмкіндігі, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері дамиды. Педагогтер мен ата-аналар бұл тапсырмаларды күнделікті оқу-тәрбие процесінде, ойын сабақтарында және үйде қолдана алады.

Бұл әдістемелік құралда жинақталған интеллектуалды ойындар – мектепке дейінгі ұйымдарда және бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие процесінде қолдануға арналған тиімді педагогикалық құралдар жүйесі болып табылады. Ойындар балалардың танымдық қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін және интеллектуалдық дамуын арттыруды мақсат етеді.

Жинақта ұсынылған ойындар балалардың танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, қабылдау, қиял, ойлау) дамыта отырып, олардың жан-жақты жетілген жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Әрбір ойын нақты педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған, балалардың жеке ерекшеліктері мен жас кезеңіне бейімделген. Педагогтер мен ата-аналарға арналған ұсыныстар. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту мен түзету жұмыстарында педагогтер мен ата-аналардың рөлі ерекше. Тұрақты және мақсатты бағытталған жұмыстың нәтижесінде балалардың сөйлеу дағдылары жетілдіріледі. Осы орайда, педагогтер мен ата-аналарға мынадай ұсыныстарды ұсынуға болады:

II. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

6. Тақырыбы: «Ш» дыбысын бекіту.

Кіші топтық сабақ

Арнайы түзетуші іс-әрекет: Дыбыстап айту

Мақсаты:

Білімділік: Ш дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру (артикуляциялық мүшелерінің қалпын сезінуін қалыптастыру). Ш дыбысының орнын сөз ішінде анықтау. Сөйлеу тілін (фонетикалық жағынан таза, лексикалық жағынан мол, грамматикалық жағынан дұрыс) пайдалану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Түзетушілік: тілді төменгі қалыпты ұстауға дағдыландыру, артикуляциялық моториканы дамыту; бағытталған күшті ауа ағынын қалыптастыру, фонематикалық талдауды дамыту, фонематикалық қабылдауды дамыту;

Тәрбиелік: өзін-өзі қадағалауға, өзіне баға беруге тәрбиелеу; Әділдікке, жолдастық сезімге, өз ойын анық айтып жеткізе білуге, мұқияттылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: ойын, көрнекілік, талдау, сұрақ-жауап.

Құрал-жабдықтар: заттық суреттер, жалаушалар, артикуляциялық жаттығулар суреті, ноутбук, теледидар, видео слайд.

Сөздік жұмыс: шана, ұшак, сызғыш, шиіе т.б.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

-Балалар, амандасайық.

- Сәлеметсіз бе?
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Бүгін бізде арнайы түзетуші іс-әрекет дыбыстап айту сабағы.
- Бүгінгі сабағымызды қызықты өту үшін сендер мұқият болуларың керек. Тәртіпті болуларың керек.
- Сабағымызды тыныс алу жаттығулардан бастайық.

I. Тыныс алу жаттығуы. «Сыйқырлы саусақтар»



II. Енедеше жаңа сабағымызды бастамас бұрын тілімізді жаттықтырып алайық. Әдеттегі жасап жүрген артикуляциялық жаттығулар: «Бақа», «Піл», «Әткеншек», «Кесе» жаттығуларды әуеннің сүйемелдеуімен жасаймыз.

- Балалар бізге қонаққа жылан келіпті.
- Қандай дыбыс естілді?
- Жыланның дауысы шығады. Балалар мұқият тыңдайды.
- «Ш-ш-ш» дыбысы естілді ме?

Ш дыбысының артикуляциялық қалпын түсіндіру.

- Ш дыбысын дұрыс айтып көрейік, ол үшін дыбыстың айтылу қалпын білуіміз қажет.

- «Біз көмекке қол айнамызды пайдаланамыз.»
- Балалар Ш дыбысын айтқанда еріндерге күлкі үйіріледі,
- тістермен «қоршау»,
- тілімізбен «кесе» жасап, жоғары көтереміз.
- Ш дыбысын айтқанда ауа ағыны жылы болады.
- Ш-ш-ш
- Ш дыбысы-дауыссыз дыбыс.
- Оны көк текшемен белгілейміз.
- Ш дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында кездеседі.

III. Фонематикалық есту қабілетін дамыту.

«Дыбысты ұста» ойыны. Үстел үстінде көк және ақ жалаушалар бар.

Көк жалаушаларымызды оң қолымызға, ақ жалаушаларымызды сол қолымызға ұстаймыз. Мен сендерге дыбыстарды айтамын. Егер сендер сол жерден ш дыбысын естісеңдер көк жалаушаны көтересіңдер, ал басқа дыбысты естісеңдер ақ жалаушаны көтересіңдер. Келістікпе?

ж, м, к, ш, л, р, б, ш, а, у, и, ш, ш, ш, қ, н, ш, о, ә, е, ш, ш, ш, ш.



IV. Буындарда айту.

-Алдымыздағы тасатарды біртіндеп қою арқылы ш дыбысын буындарда айтып шығамыз.



V. Логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырма (іс-қимыл арқылы):

Ш дыбысын сөз ішінде анықтау.

- «Ш» дыбысы бар сөздермен танысып шығайық.

- шана, шие, шыны, шелек, шеге
- ұшақ, қайшы, тышқан, машина
- ағаш, әтеш, сызғыш,

-Қараңдаршы мен сендерге тапсырма дайындадым. Көрсетіліп тұрған жердегі суреттерді қарап қолдарыңыздағы үлгі, белгі арқылы секіреміз. Ш дыбыстардың орнын (басында, ортасында, соңында) тауып айту керек.



VI. Сөз тіркесін дамытуға арналған ойын «Жалғауын тап» Мақсаты:

Атақ, барыс және көмектес септіктерін жазған сөз тіркестерін қолдануды үйрену:

Сипаттамасы: Балаларға үлестіріліп қағаздар беріледі. Балаларға суреттерді ұсынып, сұрақтар тізбегі қойылды. «Не ұшты?», «Қайда ұшты?», «Қимен ұшты?».



VI. Сөйлем құрад. Мекеместе.

Балалар кезекпен кезек тақтаға шығып, сөйлем құрайды.

1. Шолпан шырғын ішті.
2. Шығыс ұшақтың суретін салды.
3. Қарандаш, сызыш, қайыш оқу құралдары.
4. Шынар мен Шолпан киімдерін икарфа жапайды.



VII. Бекіту.

VIII. Қортындылау.

- Балалар біз бүгін қандай дыбыспен таныстық?
- «Ш» дыбысы қандай дыбыс?
- «Ш» дыбысы сөздің қай жерлерінде кездеседі?
- Сабақ ұнады ма?
- Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау.

7. Тақырыбы: «С» дыбысын бекіту. ЖЕКЕ САБАҚ.

АТӘ: Дыбыс айту қабілеті

Мақсаты:

Білімділік: С дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру (артикуляциялық мүшелерінің қалпын сезінуді қалыптастыру). С дыбысының орнын сөз ішінде анықтау. Сөйлеу тілін (фонетикалық жағынан таяу-лексикалық жағынан мол, грамматикалық жағынан дұрыс) пайдалану білігтері мен дағдыларын қалыптастыру.

Түзетушілік: тілді төменгі қалыпты ұстауға дағдыландыру, артикуляциялық моториканы дамыту; бағытталған күшті ауа ағынын қалыптастыру, фонематикалық талдауды дамыту, фонематикалық қабылдауды дамыту.

Тәрбиелік: өзін-өзі қалағалы өзін баға беруге тәрбиелеу; Әділдікке, жолдастық сезімге, өз ойын анық айтып жеткізе білуге, мұқияттылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: ойын, көрнекілік, талдау, сұрақ-жауап.

Құрал-жабдықтар: заттық суреттер, тыныс алуды дамытуға арналған «ұша қарлар» ойыны, «жылан» ойыншығы, жалғушалар, артикуляциялық жаттығулар суреті.

Сөздік жұмыс: сағат, сабын, саусак және т.б.

Сабақ барысы

-Амандау.

-**Жыл мезгілін сұрау.**

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде ауа райы қандай болады?

Саусак жаттығуы:

Бұлт қабағын түйіп ап

Бүркіреп алды аспанды

Тырс-тырс-тырс

Жанбыр жауа бастады.

-**Тыныс алу жаттығуы:** Гүлді үрлеу.

-**Артикуляция жаттығуы:** Вака, піл, сағат, атқеншек, тісті тазалау.

-Жарайсың енді мынау не? (жылан)

-Жылдан қандай дыбыс шығарады?

-Дұрыс айтасын «с» дыбысын.

-Қане «с» дыбысының артикуляциясын еске түсірейік.

-Ерін жымылып тұрады. Тістердің арасы шамамен 1 см ашық. Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады. Тілдің ортасы көтерілкі, ортасында жұршық болады.

сонымен ауа жолы жүреді. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға азу тістерге тиіп тұрады.

-Енді с дыбысын дұрыстап айтып көрейік.

-С-с-с-с

-«с» дыбысы қандай дыбыс?

-Қандай текшемен белгілейміз?

-«с» дыбысы сөздің қай жерде кездеседі. (сөздің басында, ортасында, соңында)

-Жарайсың енді мен сенімен ойын ойнағым келіп тұр «ұстап ал» ойыны. Яғни, мен әртүрлі дыбыстар, буындар айтамын, сен «с» дыбысын естігенде қолыңды көтересін.

А, у, с, л, с, н, с

Ба, са, ла, та, са

-Жарайсың балақай енді. Саусақ жаттығуын жасайық:

Са-са-са-сабын ос-ос-ос-ос

Сы-сы-сы-сыйлық ыс-ыс-ыс-ырыс

-Жарайсың, өте керемет.

-енді с дыбысынан келетін суреттерді атап шығайық.



Жарайсың!!!

-Мнемо жолдар арқылы «с» дыбысы бар сөздерден сөйлем құрау, «с» дыбысын сөйлемде бекіту.

-Самал мен Сәкен аспазшылар.



Қорытынды.

-Сабак ұнады ма?



-Қандай дыбыспен таныстық?

-С дыбысынан қандай сөздерді білесің?

-Жарайсың, өте керемет.

8. Қорытынды

Баланың сөйлеу тілін дамыту – оның тұлғалық, әлеуметтік және зияткерлік дамуының негізі болып табылады. Тілдік қарым-қатынас қабілетінің жеткіліксіздігі баланың қоршаған ортамен байланыс орнатуына, оқу дағдыларының дамуына және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына кедергі келтіреді. Осы орайда ұсынылып отырған «Дыбысты дұрыс айтуға үйрету әдістемесі» атты әдістемелік құрал логопедиялық жұмысты тиімді ұйымдастыруға, балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзетуге, толыққанды тілдік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл құралда сөйлеу тіліндегі дыбыстық кемшіліктерді түзетуге арналған теориялық негіздер мен практикалық жаттығулар кешені жүйеленіп берілген. Әдістемелік құрал мазмұны қазіргі логопедия ғылымының талаптарына және мектепке дейінгі, бастауыш білім беру жүйелерінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге негізделген. Практикалық бөлімде ұсынылған ойындар, жаттығулар, артикуляциялық гимнастика үлгілері, дыбыстарды қою, бекіту және автоматтандыру жолдары – балалардың жас ерекшеліктері мен сөйлеу қабілетіне сай іріктелген.

Әдістемелік құралдың тиімділігі мен жанашылдығы:

1. Кешенді түзету-дамыту жұмыстары: Артикуляциялық аппаратты дамыту, фонематикалық есту мен қабылдауды қалыптастыру, сөздік қорды байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмыстары кешенді түрде қамтылған. Бұл баланың сөйлеу тілін жан-жақты дамытуға ықпал етеді.
2. Ойын технологиясын қолдану: Құралда логопедиялық жұмыстың ойын түрінде берілуі баланың сөйлеуге деген қызығушылығын арттырып, мотивацияны жоғарылатады. Ойын арқылы сөйлеу мен қимыл-қозғалыс өзара үйлесіп, оқу үдерісі жеңіл әрі тиімді өтеді.
3. Дыбысты қою әдістемесінің жүйелілігі: Әр дыбысты оқшау калпында айту, буын, сөз, сөйлемде бекіту, мәтіндік автоматтандыру кезеңдері нақты әдістемемен, практикалық үлгілермен толықтырылған.
4. Фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту:

Құралда дыбыстық талдау мен синтез әдістері арқылы баланың фонематикалық қабылдауы қалыптасалы. Бұл – оқу дағдысының іргетасы болып табылады. Колдану аясы: Әдістемелік құралды логопед мамандар, инклюзивті білім беру педагогтері, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагогтері, дефектологтар, ата-аналар қолдана алады.

Құрал баланың жеке даму бағдарламасын құруға, арнайы педагогикалық қолдау көрсетуге, логопедиялық сабақтарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құрал ата-аналар үшін үй жағдайында баланың сөйлеу тілін дамытуға арналған көмекші нұсқаулық бола алады.

Әдістемелік құралды қолдану нәтижелері:

1. Баланың сөйлеу тіліндегі қателер мен дыбыстық бұзылыстар түзетіледі;
2. Дыбыстарды дұрыс айту, фонематикалық есту және сөйлеу мәдениеті қалыптасалы;
3. Сөздік қоры кеңейеді, байланыстырып сөйлеу қабілеті дамиды;
4. Логикалық ойлау, есте сақтау, зейін, қиял секілді психикалық процестер дамиды;
5. Баланың қарым-қатынас дағдылары қалыптасып, әлеуметтік ортада еркін сөйлеуге бейімделеді;
6. Баланың оқу мен жазу дағдыларының сапасы артады.

Әдістемелік құралды енгізу ұсыныстары:

- Логопедиялық топтар мен арнайы түзету топтарында жүйелі қолдану;
- Инклюзивті сыныптарда сөйлеу тілі бұзылған балалармен жеке жұмыс барысында пайдалану;
- Мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде күнтізбелік жоспарлау негізінде пайдалану;
- Ата-аналарға арналған тренингтерде қолданысқа енгізу.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал сөйлеу тілінің дамуына қиындықтары бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда кешенді көмекші құрал ретінде қолданылады. Баланың сөйлеу тілін дамытудағы жүйелі, мақсатты жұмыстың нәтижесінде сөйлеу мәдениеті қалыптасып, тұлғалық дамуы белсенді жүреді.

Сөйлеу тілі дамыған бала өз ойын толық әрі нақты жеткізе алады, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас орнатады, қоғамдық өмірге бейімделіп,

оқуда жоғары нәтижелерге жетеді. Сол себепті бұл әдістемелік құрал логопед мамандардың практикалық жұмысына таптырмас құрал болып табылады.

Сөйлеу тілі – баланың әлеммен қарым-қатынас жасау құралы. Ол неғұрлым ерте түзетілсе, соғұрлым баланың тұлғалық қалыптасуында, зияткерлік дамуында жетістіктерге жету мүмкіндігі жоғарылайды. Осы мақсатта ұсынылып отырған әдістемелік құрал — баланың толыққанды тілдік дамуына бастар жол!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әубәкірова К.К. Логопедия негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
2. Төреханов Е.Т., Қосымбаева Г.Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2010.
3. Құлмағанбетова Б.Б. Тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2005.
4. Аймағамбетова Б. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін дамыту. – Алматы: Мектеп, 1988.
5. Құлмағамбетова Б.Б. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы мен лексикологиясы. – Алматы: Білім, 2008.
6. Сүлейменова Э.Д. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2005.
7. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000.
8. Нұртаева Г.А. Дыбыстық талдау және синтез әдістері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
9. Балақаев М.Б., Жанпейісов Е.Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
10. Шалғымбаева Т.С. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2014.
11. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері. – Алматы: Санат, 1995.

МАЗМҰНЫ:

| | | |
|---|----|----|
| Түсіндірме жазба | 3 | |
| Кіріспе | 5 | |
| I. НЕГІЗГІ БӨЛІМ | | |
| 1. Логопедиялық жұмыстың әдістемелік негіздері..... | 6 | |
| 2. Сөйлеу аппаратына арналған жаттығулар..... | 10 | |
| 3. Тыныс алу және дауыс жаттығулары..... | 12 | |
| 4. Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы | 16 | |
| 5. Сөздік қорды дамытуда дәстүрлі және жаңа тәсілдерді қолдану..... | 18 | |
| II. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ | | |
| 6. Ш дыбысын бекіту (кіші топтық сабақ)..... | 21 | |
| 7. С дыбысын бекіту (жеке сабақ)..... | 25 | |
| III. ҚОРЫТЫНДЫ | | 27 |
| 8. Қолданылған әдебиеттер тізімі..... | 29 | |
| 9. Мазмұны | 30 | |